

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов междунауч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

процессов индустриальной модернизации позволяет выделить следующую особенность: если в предшествующие периоды в разных странах можно было говорить об отрицательной роли усиления государственного вмешательства или, наоборот, о положительном воздействии государственного регулирования на экономику, то в настоящее время однозначной зависимости установить нельзя. Сегодня государственное регулирование экономического развития должно предусматривать использование сложной комбинации форм и методов, предполагающих усиление вмешательства государства в одних сферах деятельности и секторах экономики и его ослабление в других.

Литература:

1. Турежанова М. Миссия ФИИР выполняема. МИНТ подвел итоги 2010 года и выстроил задачи на 2011-й.
2. Казахстанская правда, 4 февраля 2011г. С.8. 2010-й: итоги превзошли ожидания.
3. Казахстанская правда, 23 февраля 2011г. С.3. Казахстан в 2008 году.
4. Статистический ежегодник / Под ред. А.А.Смаилова. Агентство РК по статистике. - Астана, 2009. – 493с.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҮЙЛЕСІМДІЛІК НЕГІЗІНДЕ

Молдашев Н.О., Кенжебалина Н.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: nurgul_kns@mail.ru

Қазіргі жағдайда ғылыми-техникалық прогресс кеңінен таралып, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым жылдам қарқынмен дами бастады, мемлекеттер ұлттық экономиканың дамуына аса белсенді түрде әсер етуде. Осыған байланысты, шаруашылық тетіктер мен шаруашылық етуші субъектілер арасындағы экономикалық байланыстар өзгерді.

Мемлекеттің жалпы экономикалық дамуы қоғамның әр мүшесінің мүдделері мен бостандықтарын жүзеге асырумен, қоғам мен мемлекеттің үйлесімді іс-әрекетіне тікелей байланысты. Осы мүдделердің бірлігі мен келісімі саяси тұрақтылық пен экономикалық дамудың негізі болып табылады.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық үйлесімі айырбас, бәсекелестік, өндіріс, тұтыну және қайта бөлу процесстеріндегі үйлесімділікпен анықталады.

Үйлесімді экономикаға келесі сипаттамалар тән:

- индивидтер мен социумның әр түрлі саналы қажеттіліктерін қанағаттандырушы тауарлар өндірісі мен қызметтер ұсынысы, адамдардың теріс қылықтарын алдын-алу;
- тауарлар мен қызметтерге бағаны тұрақтандыру, әділеттілік қағидасы, еңбек қызметі есебінде табыстардың туындауы;
- бизнестегі спекулятивті құрауыштың іс жүзінде кездеспеуі;
- қаржы ресурстарын қарызға алу аса шектеулі емес және пайыздық механизмге байланыссыз келуі;
- ашық және әділ бизнес, көлеңкелі бизнес, сыбайлас жемқорлық және басқа да руханилықтың жоқтығы орын алған құбылыстардың жойылуы [1].

Үйлесімділік жеке бөліктер мен тұтастың бірлігін білдіреді, сондықтан, үйлесімді экономика үйлесімді тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді: шығармашыл, позитивті және әлеуметтік қатынастар үйлесімділігіне қабілетті тұлға. Осыған орай, экономикалық-

әлеуметтік үйлесімділік мәселесі қазіргі таңда тек экономикалық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар экзистенциалдық тұрғыда да жоғары мәнге ие.

Әлеуметтік үйлесімділік қоғамдық өмірдің барлық салаларында орын алуымен ерекшеленеді, сондықтан бұл құбылыстарға Гегельдің «модус» терминін, яғни затқа тек кейбір жағдайларда тән және заттың айналасындағы және оның орналасқан байланыстарына тәуелді заттың қасиеті ұғымын қолдануға болады. Әлеуметтік үйлесімнің модустары: экономикалық салада – экономикалық теңдік, баланс; саяси салада - компромисс, консенсус, тұрақтылық; әлеуметтік салада –кооперация, әлеуметтік әріптестік, әділеттілік және қауіпсіздік.

Әлеуметтік үйлесімділік – бұл динамикалық жағдай, оны қолдау үшін үнемі белгілі күшті қажет етеді. Әлеуметтік үйлесімділікке қол жеткізу механизмдерінің бірі әлеуметтік реттеушілік болып табылады. Оның қатарына дәстүр, стереотип, менеджмент, этикет сияқты әлеуметтік құбылыстар енеді, бұлар өз кезегінде қоғам өмірінің үйлесімділігіне әкеледі.

Үйлесімді экономика қолданыстағы әлеуметтік нарықтық шаруашылық модельдерінің жаңа әлеуметтік нарықтық экономикаға трансформациясы арқылы құрылады. Бұл түсініктің мәні толыққанды саналады. Тұрақты дамушы, үйлесімді қоғамда демократиялық өзгерістер, демографиялық өсім, рухани процес және экономикалық іс-әрекет өзара үйлесімді, өзара тығыз байланысты жолмен жүзеге асады [2].

Экономикадағы дағдарыстың тереңіндегі себеп жеке тұлғалар қажеттілігіндегі үйлесімділіктің болмауы, қажеттіліктерді қанағаттандырудағы материалдық, рухани тұтастық қағидасының бұзылуы болып табылады. Бір қажеттіліктерді шектен тыс қанағаттандыру, сәйкесінше басқа қажеттіліктерді төмен деңгейде қанағаттандыру, экономиканы әртараптандыруды шектеу – әлемнің барлық елдерінде ушығып тұрған баршаға ортақ мәселе. Рухани төмен дамыған нарықтық экономика жиі түрлі салдарға әкеліп соқтыратын әлеуметтік-экономикалық радикализм бейнесінде болатынын тәжірибе көрсетіп тұр:

- өсіп жатқан сұраныс кезінде бағаның өсуі, түрлі рыноктарда (мысалы, тұрғын үй, қор, кредит, валюта, тауар) сұраныстың ұсыныстан жоғары болуы, инфляциялық оралымды айналдыру;

- қоғамда әлеуметтік поляризацияның халық кірісімен салыстырғанда күшеюі, кедейлер мен қайыршылар қабатының, сонымен қатар капиталдары әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамға әлсіз және жүйесіз пайдаланылатын мультимиллионерлер мен мультимиллиардерлердің қалыптасуы;

- нәтижесінде баға құлдырауы міндетті түрде болатын рыноктарда «көпіршіктердің» пайда болуының жоғары қаупі. Экономикалық қауіптерде адам факторының үлесі көп болады;

- елдерде жұмыссыздар санының көбеюімен бірге, ұлттық экономикалардың халықаралық бәсекелестігінің төмендеуі.

- әлемдегі жүйелі және жылдам жанданатын қаржылық – экономикалық дағдарыстардың туындауы.

Әлеуметтік экономика – халықтың көп бөлігінің материалдық және рухани қажеттіліктерін үйлесімді тұрғыда қамтамасыз ететін экономика. Бұл әлеуметтік экономиканың жаңа заманғы қоғамның негізі болып табылатын орта тапты қалыптастыратын экономикалық даму жүйесінің сатысы болып табылатындығын көрсетеді.

Материалдық және рухани құндылықтарды біріктіретін табыс бірнеше шарттарға тәуелді, мәселен, экономикалық даму моделін іске асыру мен таңдауға байланысты. Кейбір экономикалық модельдер әлеуметтік және либералды құндылықтарды өз дамуында біріктіреді. Бірақ бұл біріктіру сызықтық бөлініс арқылы жүреді: бизнес либералдылыққа, билік әлеуметтік саясатқа бағытталады. Мұндай бөлініс мемлекеттің барлық экономикалық қуатын пайдалануға мүмкіндік бермейді, өзара жәрдемдесудің орнына екі саясаттың қарсыласуы жүреді және бұл қоғамдағы тұрақсыздыққа айналады. Әлеуметтік экономика келесі сипаттарға ие:

– халықтың абсолютті көпшілігінің танымдық материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін постөндірістік және ақпараттық сипатты тиімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті экономика арқылы үйлесімді қанағаттандыру;

– заңсыз және жартылай заңсыз бизнестің толықтай іс жүзінде болмауы, компаниялар мен фирмалардың әрекетінің ашықтығын қамтамасыз ету, олардың барлық заң талаптарын және қоғамдық рухани, моралдық қағидаларды орындауы;

– еңбек талабын ізгілендіру, экономиканың барлық салаларында жұмыскерлердің жоғары табыс деңгейіне жету, бұл бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі мен елдің барлық аймақтарында әлеуметтік-кәсіпкерлік құрылымдардың интеграциясы болғанда ғана жүзеге асады;

– діни наным-сенім мен ұлттық ділді ескере отырып қоғам өмірін демократияландыру және индивидтердің экономикалық еркіндігі, меншік формасының (жеке, ұжымдық, мемлекеттік, шетелдік) көпалуандығы, шаруашылық іс жүргізудің алуан түрлілігі мен осының негізінде әлеуметтік экономиканың базисі болып табылатын толыққанды орта тапты қалыптастыру;

– демографиялық өсімді ынталандыруға, ел аймақтары мен әлеуметтік топтарының арасында табысты бөлісудегі алшақтықты реттеуге, халықты лайықты әлеуметтік қорғауға, мәдениет пен өнер, білім мен ғылым, денсаулық салаларын басым дамытуға, индивидтердің рухани прогресі мен қоғамдағы діннің рөлінің артуын жан-жақты қолдауға, ұлттық және қоғам тарапынан қабылданатын халықаралық стандарттар бойынша азаматтардың өмір сүруінің жоғары сапасын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік саясаты анық байқалатын дамыған әлеуметтік мемлекет;

– экономикалық үдерістерді реттеудің әлеуметтік тетіктерін қолдану ауқымдығы, бұл ретте әлеуметтік шығындарды талдауға, олардың жеке тұлғалар, әлеуметтік топтар мен аймақтар арасындағы қозғалысы, әдістері мен табыстық бөлініс формаларына, сондай-ақ мемлекет пен бизнестің әлеуметтік функцияларының басты мағыналарына назар аударылады. Әлеуметтік тетіктер мен экономикалық өсімнің өзара тығыз қарым-қатынаста, өзара байланыста болғаны маңызды [3].

Экономикалық, әлеуметтік және рухани тұрғыдағы байланыс толыққанды қоғамдағы үйлесімділікке әкеледі. Материалды және рухани гармонизациялау факторларына келесілер жатады: индивидтердің өмірлік көзқарасының ерекшеліктері, еңбекті ынталандыру және оны гуманизациялау тәсілдері, азаматтардың діни өз тағдырын шешу, қоғамның әлеуметтенуі мен демократизациясы, өндіріс факторларын тиімді пайдалану, қоршаған ортаға үйлесімді қарау және т.б. Бір жақты тірек не экономикаға, не рухани салаға ғана жасалынса, ол дисгармонияны құрып, үйлесімділікті жояды. Бұл нәтижесінде индивидтердің деградациясына әкеліп, жалпы социумның төмен дәрежеде дамуына соқтырады.

Экономикалық жүйелерді үйлесімділік бағытында трансформациялау жолдары:

– экономиканың жеке тұлғадан мемлекетке дейінгі кеңінен әлеуметтенуі: оның бизнеспен, азаматтық қоғам институттарымен серіктестігі, кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі;

– елдердің экономикалық дамуының саяси модернизация, демографиялық және рухани-интеллектуалды социумдар процестерімен бірге үйлесімділігі;

– жаңа әлеуметтік экономиканы, сонымен қатар әлеуметтік бағытталған нарықтық шаруашылықтың ұлттық модельдерін қалыптастыру және дамыту мүддесі бойынша ұлттық қаржы жүйелерін, және, сәйкесінше, барлық әлемдік экономикалық тәртіпті қайта қалыптастыру [4].

Үйлесімділік тұрғысынан әр мемлекеттің өзіндік даму жүйесі орын алады. Осыған байланысты қазіргі таңда қалыптасқан және тарихи тұрғыда әлеуметтік экономика модельдерін қарастыру керек. Сол модельдерде туындаған ахуалдар экономиканың және әлеуметтік өзара үйлесімді әрекеттестікке алғышарттар болып табылады. Қоғам пен мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігі қоғам тұрақтылығын сақтаушы маңызды фактор

саналады. Сол себепті қазіргі заманда экономикалық жүйелерді трансформациялау жолдарына назар аударған жөн.

Әлемдік қауымдастыққа адамдардың материалдық баюына ғана негізделмеген, сонымен бірге рухани дамуды да біріктірген, қоғамның материалдық және рухани кедейлену мәселесін шешетін, іс-әрекеттегі әділеттілікті орнататын жаңа өмірлік идеология қажет. Әлемдік экономиканың халықаралық ұйымдарын реформалау мен барлық адамзат мүддесі үшін қазіргі заман, саясат пен идеологияда жаңа экономикалық тәртіп енгізу өзекті орын алуда. Үйлесімнің объективті қалыптасқан және әмбебап заңдылықтарын, оның ішінде экономика саласында да жүзеге асыру қажет. Экономикалық заңдылықтар барлық жағдайда үйлесім заңдарына бағынышты. Жеке тұлғалардың іс-әрекеті үйлесім заңының қаншалықты табысты орындалу, орындалмауына әсер етеді, қолданылып жатқан әдістер осыған тікелей байланысты.

Әдебиеттер:

1. Бляхман Л.С. Факторы конкурентоспособности экономики стран СНГ // Проблемы современной экономики, № 3(23), 2007.
2. Баймуратов У. Социальная экономика // Том 4. Избранные научные труды. – Алматы: БИС, 2005. – 320 с.
3. Қоғам мен экономика гармониясы (әлемдік парадигма). Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2013. – 456 с.
4. Баймуратов У. Социализация в экономике: от индивида до государства. – Алматы: Экономика, 2007. – 322 с.

ПРОГНОЗИРОВАНИЕ ПРОИЗВОДСТВА НЕФТИ, ВКЛЮЧАЯ КОНДЕНСАТ ГАЗОВЫЙ В КАЗАХСТАНЕ

Искандарова Г.И.

Кыргызско – Российский Славянский Университет
г. Бишкек, Кыргызская Республика
e-mail: iskandarova@gmail.com

Нефтяная отрасль – одна из основных отраслей Казахстана. На сегодняшний день прогнозирование производства основных отраслей даёт преимущества перед другими странами. Также точное прогнозирование позволяет улучшить экономику и положительно влияет на развитие страны.

Поэтому прогнозировать производство нефти является одной из важнейших задач. Данные взяты из сайта статистического комитета Республики Казахстан.

Расчётная часть

Важнейшим статистическим показателем динамики является абсолютный прирост, который определяется в разностном сопоставлении двух уровней ряда динамики в единицах измерения исходной информации.

Абсолютный прирост цепной прирост: $\Delta y_{ц} = y_i - y_{i-1}$

базисный прирост: $\Delta y_{б} = y_i - y_1$

Темпы прироста характеризуют абсолютный прирост в относительных величинах. Исчисленный в процентах темп прироста показывает, на сколько процентов изменился сравниваемый уровень с уровнем, принятым за базу сравнения.

Темп прироста цепной темп прироста: $T_{прц} = \Delta y_i / y_{i-1}$

базисный темп прироста: $T_{прб} = \Delta y_{бi} / y_1$

Распространённым статистическим показателем динамики является темп роста. Он характеризует отношение двух уровней ряда и может выражаться в виде коэффициента или в процентах.